

## Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғанысы туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің Қаулысы 2 қыркүйек 1992 ж. N 733. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің 1995.12.19. N 1820 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қорғаныс комитетін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі етіп қайта құру туралы" 1992 жылғы 7 мамырдағы N 738 Жарлығына және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы" 1992 жылғы 2 шілдедегі N 575 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар басқармасының базасында құрылған Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс штабы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне бағындырылсын.

Облыстардың, қалалардың Азаматтық қорғаныс штабтары, оларға ведомстволық бағыныстағы бөлімшелер, мекемелер, ұжымдық пайдаланудағы республикалық есепте орталығы мен азаматтық қорғаныстың республикалық курстары Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс штабына бағындырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс штабы орталық аппаратының саны 90 адам болып (ғимараттар мен арнайы құрылғыларды күзету және қызмет көрсету жөніндегі қызметкерлерді қоспағанда) және қызмет көрсететін 3 жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

Қазақстан Республикасы Азаматтық қорғаныс штабының бастығына азаматтық қорғаныс штабтары мен бөлімшелерінің құрылымы мен штаттарын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен келісе отырып, әскери қызметшілер атқаратын лауазымдар бойынша белгіленген сан мен еңбекке ақы төлеу қоры шегінде бекіту хұқы берілсін. <\*>

Ескерту. 2-абзац жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1993.02.15. N 113 қаулысымен. P930113\_

3. Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс штабы: облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерімен, республиканың мүдделі министрліктерімен, ведомстволарымен бірлесіп, 2 ай мерзімде Қазақстан Республикасының азаматтық қорғанысы туралы Заңның

жобасын әзірлеп, Үкіметтің қарауына енгізсін;

3 ай мерзімде Қазақстан Республикасының азаматтық қорғанысы туралы Ережені әзірлеп, бекітуге берсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бір ай мерзімде азаматтық қорғаныс штабын, оларға ведомстволық бағыныстағы бөлімшелерді, мекемелер мен әскери бөлімдерді "Қорғаныс шығыны" бабы бойынша көзделген қаржы есебінен қажетті қаржыландыруды белгілесін.

5. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштер жөніндегі нормативтік актілері қабылданғанға дейін азаматтық қорғаныс штабтарының және оларға ведомстволық бағыныстағы мекемелер мен ұйымдар әскери қызметшілері үшін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Біріккен Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері үшін көзделген әлеуметтік-хұқықтық қорғау жөніндегі жеңілдіктер, басқа да жеңілдіктер сақталсын.

Азаматтық қорғаныс штабтары және оларға ведомстволық бағыныстағы бөлімшелер мен мекемелердің жұмысшылары мен қызметшілеріне Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Біріккен Қарулы Күштері қызметкерлерінің тиісті санаттары үшін көзделген еңбекке ақы төлеу қолданылсын.

6. Қазақстан Республикасының Материалдық ресурстар министрлігі республиканың Азаматтық қорғаныс штабына қажетті материалдық-техникалық ресурстар бөлуді белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті

мен жергілікті әкімшіліктер:

республиканың азаматтық қорғаныс штабтарының әлеуметтік-тұрмыстық және арнайы бағыттағы объектілер құрылысына өтінімін басым орналастыруды көздесін.

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен жергілікті әкімшіліктер:

көбейткіш, компьютерлік және басқа техника, көліктік құралжабдықтар алуға қаржы бөлуді;

республиканың азаматтық қорғаныс штабтары мен оларға ведомстволық бағыныстағы бөлімшелер мен мекемелердің әскери қызметшілерін тұрғын үй алаңымен қамтамасыз етуді көздесін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК